

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 889 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 қазандағы N 1086 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 маусымдағы N 457 Қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.05 N 457 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялаудың және жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 889 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2004 ж., N 30, 413-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыптағы және 1-тармақтың 3) тармақшасындағы "экологиялық аудиторлық қызметті" деген сөздер "экологиялық аудитті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарында:

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде 3 жыл, оның ішінде табиғатты қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптама саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (тиісті лицензияны қоса бере отырып);";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) аттестациядан өткенін растайтын құжат;";

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде 3 жыл, оның ішінде табиғатты қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптама саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің (тиісті лицензияны қоса бере отырып), экологиялық аудиторлардың біліктілік күәліктерінің және осы занды тұлғаның штатында тұрақты негізде жұмыс істейтін екі маманның болуы;";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Экологиялық аудиторлық қызметті жүргізу

е р е ж е с і н д е :

тақырыптағы "экологиялық аудиторлық қызметті" деген сөздер "экологиялық

аудитті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "жеке экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық үйымдардың қызмет" деген сөздер "экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық үйымдардың экологиялық аудит жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндепті экологиялық аудит және бастамашылық экологиялық аудит экологиялық аудит түрлері болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган міндепті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды.

2-2. Бастамашылық экологиялық аудит аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша бастамашы мен экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық үйым арасындағы экологиялық аудит жүргізуге арналған шартта көзделген экологиялық аудиттің нақты міндептері, мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.";

2-тараудың тақырыбындағы "енгізу" деген сөз "жүргізу" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) аудит жүргізу жоспарын жасау;"

4 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"адам" деген сөз "субъект" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "аудитті орындаушыға" деген сөздер "аудиторға" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "тапсырушыны" деген сөз "экологиялық аудит тапсырысшысын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Экологиялық аудит экологиялық аудитор жасайтын және тапсырысшымен және аудиттелетін субъектімен келісілетін экологиялық аудит жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі.";

6 - т а р м а қ а лы ны п т а с т а л с ы н ;

7-тармақтағы "аудиторлық есеп", "аудиторлық есепке", "аудиторлық есебіне", "Аудиторлық есепте" деген сөздер "экологиялық аудиторлық есеп", "экологиялық аудиторлық есепке", "экологиялық аудиторлық есебіне", "Экологиялық аудиторлық есепте" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Экологиялық аудиторлық есеп болып ресімделетін міндепті

экологиялық аудит нәтижелері бір ай мерзімнен кешіктірілмей қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етіледі.".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК